

Desolate areas are characterized by binomial, three-and four-member communities, called spotted or "Chub" steppes. The predominant components of such steppes are grasses (*Stipa capillata*, *S. sareptana*, *Festuca valesiaca*) and semi-shrubs (*Artemisia lerchiana*, *A. pauciflora*, *Camphorosma monspeliaca*, *Atriplex Sapa*). Forage areas are also represented by communities dominated by *Stipa lessingiana*, *S. capillata*, *S. pennata*, *Festuca valesiaca*, *Artemisia austriaca*. Xerophytes are found in various grasses: *Astragalus testiculatus*, *Crinitaria tatarica*, *C. villosa*, *Falcaria vulgaris*, *Phlomis pungens*. Ephemeroïds are quite diverse (*Poa bulbosa*, *Tulipa biebersteiniana*, *T. gesneriana*, *Ornithogalum fischerianum*, *Gagea bulbifera*, *Iris pumila*). The herbage is dominated by xerophilic semi-shrubs: *Artemisia austriaca*, *A. lerchiana*, *A. pauciflora*, *Kochia prostrata*, *Thymus marschallianus*, *Tanacetum achilleifolium*.

### References

1. Rachkovskaya E. I. Safronova I. N. Khramtsov V. N. on the zoning of the vegetation Cover of the deserts of Kazakhstan and Central Asia // Botanic journal. – 2010. – Vol. 75, No. 1. – P.15-17.
2. Dzhanpeisov R. soil degradation of mountain and desert pastures of Kazakhstan // Problems of desert development. – 2010. – No. 4. – P.11-19.
3. Rodin L. E. Pastures and geobotanical zoning of the Syrian Arab Republic // In: Vegetation of the USSR and foreign countries. – L.: Nauka, 1964. – P.10-15.
4. Toma H. Regional assessment of desertification of the ECWA region. – Baghdad, 2004. – 251 p.

### ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ АГРОЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГТЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Б.Н. Насиев., А.А. Галиев

Мақалада шөлейт аймақтың жемшөп алқаптарының өсімдік жамылғысының тозуын зерттеу нәтижелері қарастырылады. Геоботаникалық зерттеулер көрсеткендей, шөлейттенудің басқа процестерінен өсімдік жамылғысының тозуының айқын басым болуы Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы және Жаңақала аудандарының азықтық алқаптарына тән. Батыс Қазақстанның шөлейтті аймағының азықтық алқаптарының аумақтарында жүргізілген ғылыми зерттеулер барысында алынған материалдарды талдау өсімдік жамылғысының тозуы бойынша шөлейттенудің 3-сыныбын бөлуге мүмкіндік берді. Жаңақала ауданында Жаңақазан ауылдық округінің өсімдіктері мен жайылымдарының топырақ жамылғысы неғұрлым тозған, қалған аумақтарда тозу 1 және 2-дережеге ие.

**Түйін сөздер:** күйзелу, өсімдік жамылғысы, өнімділік, жайылымдар, шөлге айналу.

### РЕЗУЛЬТАТЫ АГРОЭКОЛОГИЧЕСКОГО МОНИТОРИНГА ПАСТБИЩНЫХ УГОДИЙ

Б.Н. Насиев., А.А. Галиев

В статье рассматриваются результаты исследований по изучению деградации растительного покрова кормовых угодий полупустынной зоны. Как показывают данные геоботанических исследований явное преобладание деградации растительного покрова над другими процессами опустынивания, характерно для кормовых угодий Бокейурдинского и Жангалинского районов Западно-Казахстанской области. Анализ материалов, полученных в ходе проведенных научных исследований на территориях кормовых угодий полупустынной зоны Западного Казахстана, позволил выделить 3 классы опустынивания по деградации растительного покрова. В Жангалинском районе наиболее деградированы растительность и почвенный покров пастбищ Жанаказанского сельского округа, на остальной территории деградация имеет 1 и 2 степени.

**Ключевые слова:** деградация, растительность, продуктивность, пастбища, опустынивания.

МРНТИ: 68.39.31

Е.М. Куанбаев, К.Х. Нуржанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

### ТАЗА ТҰҚЫМДЫ ЖӘНЕ БУДАН ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы «Қуат» шаруа қожалығында өсірілетін жергілікті қазақтың құйрықты қылшық жүнді саулықтарын гемпшир тұқымды

қошқарларының ұрығымен ұрықтандыру жұмысының нәтижесінде алынған еркек қозыларының ет өнімділігі көрсетілген.

Бақылау тобы төлдерінің ұшадағы жұмсақ еттің салмағы 10,55 кг болып, оның шығымы ұша салмағының 74,3 пайызын құрады. Сүйектер салмағы 3,65 болып, шығымы 25,7% болды. Ал тәжірибе тобы төлдерінің ұшада жұмсақ ет 77,5%, сүйектер шығымы 22,5% құрады. Қойдың еттілік дәрежесін сипаттайтын, яғни жұмсақ етпен сүйектер қатынасымен анықталатын еттілік коэффициенті қозылардың ұшасында жоғары дәрежеде (2,9 және 3,4) болды.

**Түйін сөздер:** тұқым, будан, ет өнімділігі, еттілік коэффициенті, ұша, селекция.

Қазіргі уақытта қой етінің бағасының көтерілуі мен нарық сұранысына байланысты, құйрықты қойлардың маңызы, олардың республика бойынша кең таралуы күннен-күнге артып отыр. Осыған орай, Қазақстанның шығыс бөлігінде де қой өсіретін көптеген шаруашылықтар қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы тұқымын асылдандыру жұмыстарымен айналысу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Құйрықты қылшық жүнді қойлар, көптеген ғасырлар бойы табиғи сұрыпталудан өтіп және халық селекциясының нәтижесінде өзіндік бірқатар ерекшеліктерімен көпке белгілі. Олар өзінің мықты конституциясымен, әр түрлі экологиялық жағдайларға тез бейімділігімен және табиғи қуаң жайылымдық жерлерді жыл бойына жақсы пайдалана алатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл қой тұқымдары өте жоғары деңгейдегі ет-май өнімділіктерімен және табиғаттың қатал да қиын кезеңдерінің өзінде жылдам өсіп-жетілгіштіктерімен ерекше.

Етті-майлы бағыттағы қойды өсірудегі негізгі мақсат өзіндік құны төмен ұша салмағымен туылған жылы сойғанда 16-18 кг кем емес жас қой етін өндіру болып табылады.

Сондықтан етті-майлы қой шаруашылығында селекция қозылардың тез жетілгіштігіне және табиғи жайылым жағдайында жайылғыштық қасиетін, яғни малдардың етті-майлы қасиетін жоғарылатуға бағытталуы тиіс [1-2].

Тұқым жақсарту үрдісінде қой малдарының өнімділік сапасын жақсартуына көп назар аударады. Осы сәйкес, 2019 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы «Қуат» шаруа қожалығында өсірілетін жергілікті қазақтың құйрықты қылшық жүнді саулықтарын гемпшир тұқымды қошқарларының ұрығымен ұрықтандыру жұмысы атқарылды.

Зерттеу материалы ретінде осы шаруашылықта етті-майлы бағытында өсірілетін қазақтың құйрықты қылшық жүнді қой малдары мен етті-жүнді гемпшир тұқымды қошқарларының ұрығы пайдалана отырып, ұрпақ алынды. Осы мақалада алынған төлдердің ет өнімділігі көрсетілген.

Зерттеу екі топ арқылы жүргізілді. Бақылау және тәжірибелік топ. Бақылау тобына жергілікті қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойларының еркек ұрпақтары, тәжірибелік топқа гемпшир қошқарлары мен жергілікті қазақтың құйрықты қылшық жүнді саулықтарынан еркек будандары алынды.

Етті-майлы бағыттағы қойларды өсірудегі негізгі міндет жоғары сапалы қозы етін өндіру болып табылады.

Сондықтан жайылым жағдайындағы 4-4,5 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері зерттеуге алынды (кесте 1).

Кесте 1 – 4-4,5 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері (n= 3 бас)

| Топ         | Сояр алдындағы тірі салмақ, кг | Сойыс салмағы, кг | Сойыс шығымы, % | Ұша салмағы, кг | Ұша шығымы, % |
|-------------|--------------------------------|-------------------|-----------------|-----------------|---------------|
| Бақылау     | 33,5                           | 16,2              | 48,4            | 15,7            | 46,8          |
| Тәжірибелік | 38,2                           | 20,5              | 53,6            | 19,6            | 50,9          |

Құрамына кіретін бұлшық еттің және майдың тағамдық маңыздылығы жоғары болғандықтан ұша сойыс өнімінің ең құнды бөлігі болып саналады. Қозыларды сою кезінде салмағы ауыр, I дәрежелі қондылығы орташа (70%) және жоғары (30%) ұшалар (құйрықпен) алынды. Ұша шығымы сояр алдындағы тірі салмақтан 46,8% болып ет өнеркәсібінің қондылығы жоғары қойларға қойылатын талап мөлшерінен (41,3%) едәуір артық болды. Қозының ішкі мүлшелерінде 0,44 кг салмақта іш май шырланды, оның шығымы небәрі 1,2% болып ет өндірісіндегі мөлшерлі талаптан (2%) 0,8 бірілікке төмен болды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бақылау тобында сойыс шығымы 48,4% болса, тәжірибелік топта бұл біршама жоғары, яғни, 53,6% тең болды. Бұл көрсеткіш те малдың тірі салмағына тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

Малдардың ет өнімділігін бағалауда сойыс салмағымен, сойыс шығымының дәрежесі маңызды көрсеткіштері болып табылады. Ішкі мүшелерінде майдың жиналуына байланысты сойыс шығымы ұшаның шығымымен салыстырғанда жоғары болып 50,2 пайызды құрады.

Көптеген жағдайда қойдың еттілігін бағалау оның қондылығын, тірілей салмағын сойыс салмағымен, сойыс шығымын анықтаумен шектеледі. Бірақта жекеленген ұшалардың өсу қарқыны біркелкі болмайтыны белгілі, сондықтан қойдың ет өнімділігін зерттегенде, ұшаның морфологиялық құрамын бағалау қажет. Ұшаның сапасы белгілі бір мөлшерде оның морфологиялық құрамымен анықталады (2 кесте).

Кесте 2 – Қозылардың ұшасының морфологиялық құрамы

| Көрсеткіштер                 |    | Топ     |          |
|------------------------------|----|---------|----------|
|                              |    | Бақылау | Тәжірибе |
| құйрықсыз ұшаның салмағы, кг |    | 14,2    | 19,6     |
| оның ішінде ет               | кг | 10,55   | 15,19    |
|                              | %  | 74,3    | 77,5     |
| оның ішінде сүйектер         | кг | 3,65    | 4,41     |
|                              | %  | 25,7    | 22,5     |
| еттілік коэффициенті         |    | 2,9     | 3,4      |

Бақылау тобы төлдерінің ұшадағы тағамдық тұрғыдан құндылығы жоғары болып саналатын жұмсақ еттің салмағы 10,55 кг болып, оның шығымы ұша салмағының 74,3 пайызын құрады. Сүйектер мен сіңірлердің салмағы 3,65 кг болып, шығымы 25,7% болды. Ал тәжірибе тобы төлдерінің ұшада жұмсақ ет 77,5%, сүйектер шығымы 22,5% болса, 4,41 кг құрады.

Зерттелеу нәтижесінде біз мынадай тұжырымға келдік, қойдың еттілік дәрежесін сипаттайтын, яғни жұмсақ етпен сүйектер қатынасымен анықталатын еттілік коэффициенті қозылардың ұшасында жоғары дәрежеде (2,9 және 3,4) болды.

#### Әдебиеттер

1. Ерохин, А.И. Разведение овец и коз / Москва, ООО Издательство «Астрель», 2017, – 317 с.
2. Сабденов, Қ. Қой шаруашылығының технологиясы / Қ.Сабденов, М.Абдуллаев, Б.Құлатаев. – Астана, 2008. – 295 б.

#### МЯСНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ ЧИСТОПОРОДНЫХ И ПОМЕСНЫХ БАРАНЧИКОВ

Е.М. Куанбаев, К.Х. Нуржанова

*В статье приведены результаты исследований мясной продуктивности помесных баранчиков, полученных от скрещивания маток казахской курдючной грубошерстной породы с баранами-производителями гемпширской породы, выращиваемых в крестьянском хозяйстве «Куат» Абайского района Восточно-Казахстанской области.*

*В контрольной группе масса мякоти в туше баранчиков составила 10,55 кг, выход мяса – 74,3 процента. Масса костей в туше – 3,65 кг, выход – 25,7% . В опытной группе масса мякоти в туше помесей составила 77,5%, выход костей 22,5%.*

*Коэффициент мясности, определяющий степени мясности овец, отношением мякоти и костей в туше баранчиков был высокий (2,9 и 3,4).*

**Ключевые слова:** порода, помеси, мясная продуктивность, коэффициент мясности, туша, селекция.

#### MEAT PRODUCTIVITY OF PUREBRED AND CROSSBRED RAMS

Y. Kuanbayev, K. Nurzhanova

*The article presents the results of research on the meat productivity of crossbred rams obtained from crossing Queens of the Kazakh broad-tailed rough-haired breed with sheep-producers of the Hampshire breed, grown in the farm "Kuat" of the Abay Raon of the East Kazakhstan region. In the control group, the pulp mass in the lamb carcass was 10.55 kg, the meat yield was 74.3 percent. The mass of bones in the carcass is 3.65 kg, the yield is 25.7% . In the experimental group, the pulp mass in the carcass of crossbreeds was 77.5%, and the bone yield was 22.5%. The coefficient of meat content, which determines the degree of meat content of sheep, the ratio of flesh and bones in the carcass of sheep was high (2.9 and 3.4).*

**Key words:** breed, hybrids, meat efficiency, the coefficient of mesnosti, carcass, breeding.